



Ф. Мамендаров



Ән шырқайық достарым,
Бауырларым



Ғалымжан Тамендаров

1

**Ән шырқайық,
достарым, бауырларым**

1 - бөлім

2 - басылым

Алматы-2010

Тамендаров Ғалымжан Герейұлы
“ӘН ШЫРҚАЙЫҚ, ДОСТАРЫМ, БАУЫРЛАРЫМ”

В этой книге собраны произведения признанного композитора, проживающего в городе Алматы Республики Казахстан – Галимжана Тамендарова: песни, созданные на слова поэта Музафара Алимбаева, Рауиля Гузаирова, Грифа Хайруллина для детей и взрослых, а также других известных казахских поэтов.



Аранжировка Колесниковой Ирины Евгеньевны.



Слова написаны на мелодию.

СЫРНАЙ САЗЫ.

Балаға ән айтқызу оңай ма? Өте қиын. Сыныптың алдына шығып сұрап көріңіз. Сонда көресіз қиындығын. Отырған 20–30 оқушының көп болса бір-екеуі ғана ұсыныс жасауы мүмкін. Себебі неде? Біріншіден – ән айтқызуға баланың даусы қойылмаған. Бұл әлі күнге дейін шешуін таба алмай жүрген мәселе.

Екіншіден – ән әуені бала жүрегін қозғамайды, әсер етпейді.

Үшіншіден – әннің сөзін білмейді.

Төртіншіден – елдің алдына шығуға ұялады.

Айтып, тізе берсе, себептер өте көп.

Міне, осындай қиындық, кедергілерге қарамай, 40 жылдан астам балаларға ән айтқызып, әсем Алматының көк күмбезін бабалардың шат әуендеріне бөлеп жүрген ұлағатты ұстаз Ғалымжан Тамендаровқа қалай риза болмайсың.

Ғалымжан сырнайының даусы Алматыдағы №4 И.Нүсіпбаев атындағы мектеп-интернатын күн сайын әсем әуенге бөлеп жатады, ән айтады, би билейді, ансамбльдерге қатысады. Сөйтіп, балалар өмірі әуен құшағында, мәз-мейрам болып, оның шалқар сазына сусындай түседі.

Мөлдіреген жас түлектердің рухани жан дүниесі сырнай тілінен төгілген әсем әуендермен астасып, оларды асқақ мұраттарға жетелейді. Ол тек балаларды осындай биік салтанаттарға жетелеумен қатар, өз жанынан әуендер де шығарады. Қазірде оның шығарған әндерінің саны 200-ге жетті. Әндерінің мазмұны терең, тақырыбы жан-жақты, әуезі әдемі.

Ол көптеген республикалық және Халықаралық конкурс, фестивальдардың жеңімпазы:

1973 жылы Москвада өткен бүкіл дүниежүзілік студенттер фестивалінің;

1981 жылы Германияда өткен Халықаралық фестивалдің;

1973 жылы Москвада өткен Халықаралық фестивалдің;

1976 жылы Венада өткен Халықаралық фольклорлық музыка фестивалінің лауреаты.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1992 жылғы 27 тамыздағы жарлығымен «Қазақстан Республикасына еңбегі сіңірген халыққа білім беру қызметкері», атағы берілген.


Татарстан Республикасының Президенті Минтимер Шаймиевтың 2003 жылғы 27 тамыздағы жарлығымен «Татарстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері» атағы берілген.

Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің 2005 жылы 30 маусымдағы жарлығымен «Ұлтаралық мәдениеттің өркендеуіне қосқан үлесі үшін» медалімен марапатталған.

«Еңбек ардагері» медалінің иегері.

Тамендаров Ғалымжан басқарған «Балдырғандар» хоры, «Бұлбұл» ансамблі Республикалық фестивальдар конкурстарының жеңімпазы.

Ал татардың «Сарман» ансамблі бүкіл республикамызға танымал. Сөзімді қорыта келгенде Тамендаров Ғалымжан Герейұлы – Қазақстан Республикасы мен Татар Республикасына еңбегі сіңген, Білім және мәдениет қызметкері. Еңбегі одан әрі жана берсін, шығармашылық тілейміз!



Ерғали Нұртайұлы
И.Нүсіпбаев атындағы
облыстық мектеп-
интернат директоры
Жоғары категориялы,
Ы.Алтынсарин
медалінің иегері.



Өтеген Спанов –
Профессор, «Әуен»
баспасының директоры.

ОБ АВТОРЕ

Галимжан Гиряевич Тамендаров – заслуженный работник народного образования Республики Казахстан, заслуженный работник культуры Республики Татарстан. Родился Галимжан Гиряевич Тамендаров 14 июня 1947 года в поселке Мамлютка Северо-Казахстанской области. В 1968 году окончил Петропавловское музыкальное училище по классу «баян-аккордеон и дирижер оркестра русских народных инструментов». В то время училище было очень популярным в стране. В училище преподавал внук знаменитого русского композитора Римского-Корсакова. В 1989г. Г. Тамендаров окончил Талдыкурганский педагогический институт им. И. Джансугурова по отделению музыки и хорового пения. В настоящее время является известным композитором, работающим в жанре песни и хоровой музыки.

Галимжан Гиряевич Тамендаров с 5-ти летнего возраста начал играть на 7-и клавишной казанской гармонике, затем на казанской 2-х рядке, а в 8 лет начал играть на баяне. После окончания музыкального училища был направлен в Мамлютскую музыкальную школу, а затем приглашен в г. Алматы на работу в качестве педагога и музыканта в одно из ведущих музыкальных детских учебных заведений – в школу им. Амре Кошаубаева. Затем перешел в областную казахскую школу-интернат №4. В этой школе им создан большой детский хор «Балдырган» совместно с детским композитором И. Нусипбаевым, после кончины которого Галимжан Гиряевич Тамендаров стал художественным руководителем этого хора. Также на базе этого хора был создан фольклорный ансамбль «Булбул». Большой заслугой Галимжана является то, что в репертуаре большого хора «Балдырган» и «Булбул» много народных и авторских песен, а также песен различных исполнителей.

Галимжан Гиряевич Тамендаров сумел завоевать сердца юных певцов так, что они охотно исполняют песни своего учителя. Это способствует популяризации как казахской, так и татарской музыки среди учащихся, студентов, населения, перед которыми выступают молодые дарования - участники хора. Галимжан Гиряевич Тамендаров один из первых создателей в Казахстане татарского

фольклорного народного ансамбля «Сарман» – являющегося лауреатом многих международных конкурсов и фестивалей. Этот ансамбль выступал перед разнообразной аудиторией и завоевал большую популярность.

Галимжан Гиряевич Тамендаров – автор нескольких изданных сборников казахских и татарских песен: «Булбул», «Сарман», «Жырлыбыз һәм биибез», «Иң яраткан көйләрем», фонохрестоматия для 1,2,3, классов казахских школ, несколько фильмконцертов, а также несколько авторских аудио- и видео-кассет. Он автор многих статей в журналах и газетах.

Галимжан Гиряевич Тамендаров неоднократно представлял искусство Казахстана в Турции и в Прибалтийских государствах. Он принимал участие в концерте, посвященном конференции Всемирной организации здравоохранения в г. Алматы 1978г., во Всесоюзной конференции по проблемам «Международные связи в процессе преподавания в школе основ наук».

Г. Г. Тамендаров является лауреатом Всемирного фестиваля студентов в Москве (1973г.), лауреатом XIII Международного фестиваля в г. Рудольфштат – Германия (1981г.), Всемирного фестиваля фольклорной музыки в Вене (1996г.), международных конкурсов и фестивалей в Москве (1973г.) и Алматы (1985г., 1990г.).

В 1978 году Галимжан Гиряевич Тамендаров был избран делегатом VII съезда композиторов Казахстана, был делегатом 1-го съезда композиторов суверенной Республики Казахстан (1993г.), участником 1-го телефестиваля тюркских народов (1993г.), делегатом международного конгресса антиядерного движения «Невада-Семипалатинск» (1993г.). В 2005 году участвовал в мероприятиях в рамках дней культуры Казахстана в России (г. Москва). В 2006г. был приглашен на празднование 1000-летия города Казани, где указом президента РФ награжден медалью «В память 1000-летия Казани».

В 1968 году впервые на Московском радио «Маяк» прозвучали народные татарские песни в исполнении Гиряй Адильулы Тамендарова. Акомпанировал ему сын Галимжан. С тех пор Галимжан Гиряевич Тамендаров постоянно выступает на радио и телевидении, пропагандируя музыкальное искусство казахского, татарского и других народов Казахстана. В 2009 году награжден дипломом и сертификат научно-практической конференции «Традиционные музыкальные культуры народов Центральной Азии» мастер-класс. Музыкальные произведения Галимжана Гиряевича

Тамендарова и выступления многих исполнителей в его музыкальном сопровождении внесены в музыкальный фонд Республики Казахстан.



A handwritten signature in cursive script, reading "Мангытаев".

М. Мангытаев – народный артист РК, лауреат гос. премии, композитор



A handwritten signature in cursive script, reading "Хайруллин".

Г. Т. Хайруллин – академик МАИН, доктор педагогических наук, профессор



A handwritten signature in cursive script, reading "Джанияров".

О. С. Джанияров – член союзов Композиторов СССР и РК, председатель Прииртышского союза композиторов РК, лауреат международных конкурсов и фестивалей, председатель международного конкурса «Иртыш моннары», заслуженный деятель искусств РТ и РК




БІЗДІҢ ҚАЗАҚСТАН

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

Allegro moderato



Ал - тай, Жай - ық а - ра - сы жар - ты әлем - дей




да - ла - сы, ол - біз - дің Қа - зақ - стан, ол - біз - дің



Қа - зақ - стан. А - на - мыз - дай ті - леу (і) ақ О - тан біз - дің



бі - реу - ақ, Ол - біз - дің Қа - зақ - стан, ол - біз - дің



Қа - зақ - стан. // Қа - зақ - стан.



Қа - зақ - стан.

Алтай, Жайық арасы –
Жарты әлемдей даласы,
Ол – біздің Қазақстан,
Ол – біздің Қазақстан.

Қайырмасы:
Анамыздай тілеуі ақ
Отан біздің біреу-ақ,
Ол – біздің Қазақстан,
Ол – біздің Қазақстан.

Кенге толы қойнауы,
Төлге толы жайлауы,
Ол – біздің Қазақстан,
Ол – біздің Қазақстан.

Қайырмасы.

Жастар сүйіп аңсаған
Тәтті күй мен кәусар ән.
Ол – біздің Қазақстан,
Ол – біздің Қазақстан.

Қайырмасы.

КӨГІЛДІР ТУ

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

mf Асықпай, марш екпінімен

Кө-гі-міз-де ел-жі-рей-ді кү-ні-міз, тө-бе-міз-де
жел-бі-рей-ді ту-ы-мыз. Е-ге-мен-ді ел бір-лі-гі-ту-ы-
мыз, ба-қы-тын-дай жер кін-ді - гі ту - ы - мыз.

Қайырмасы:

Той-той-лар-да, мей-рам-дар-да ба-тыр-лар-ша
мы-на біз көк ас-пан-дай ту - ы - мыз-ды
тік кө-те-ріп шы-ға-мыз. //шы - ға-мыз.

Көгімізде елжіреді күніміз,
Төбемізде желбіреді туымыз.
Егеменді ел бірлігі – туымыз,
Бақытындай жер кіндігі туымыз.

Қайырмасы:
 Той-тойларда,
 Мейрамдарда
 Батырларша мына біз,
 Көк аспандай туымызды
 Тік көтеріп шығамыз.

Көгілдір ту жеңістердің жолында
 Жалындайды батырлардың қолында.
 Ортақ тулы халықтармыз бірге өскен,
 Армандары, тілектері үндескен.
 Қайырмасы.

ЖАНЫМДА АНАМ БАРЫНДА

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

Көңілді
tr

Жа-ным-да а - нам ба-рын-да, да-ла-ның көк мұз,
 қа - рын - да тоң - бай - мын, жау - рап
 тоң-бай-мын, жан а-нам бар - да жа-ным-да!

Жанымда анам барында,
 Даланың көк мұз, қарында
 Тоңбаймын, жаурап тоңбаймын,
 Жан анам барда жанымда!

Үскірік, аяз, ызғарда,
 Жүрсе де ұзақ мұз-қарда,
 Тоңбайды анам өзі де,
 Қасында мына біз барда!

ШЕКАРАШЫЛАР ӘНІ

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев



mf Marselando

Ақ - жа-йық-қа Ал - тай - дан не - ше са-ғат
ұ - шар ек. Шат кө-ңіл-мен мар - қай - ған
ел - ді күн-дей құ - шар ек. Қайырмасы: Кү-зет бе-рік
ше - ка - ра - да, сақ - шы-лар-мыз а - дал жү-рек.
Жау - са - та-мыз сол - а - ра - да, жау соқ - тық - са
1. а - жал ті-леп. 2. а - жал ті-леп.

Detailed description: The image shows a musical score for a song titled 'ШЕКАРАШЫЛАР ӘНІ' by Muzafar Alimbayev. The score is written in 4/4 time and features a melody line with lyrics in Kazakh. The lyrics are: 'Ақ - жа-йық-қа Ал - тай - дан не - ше са-ғат ұ - шар ек. Шат кө-ңіл-мен мар - қай - ған ел - ді күн-дей құ - шар ек. Қайырмасы: Кү-зет бе-рік ше - ка - ра - да, сақ - шы-лар-мыз а - дал жү-рек. Жау - са - та-мыз сол - а - ра - да, жау соқ - тық - са а - жал ті-леп. а - жал ті-леп.' The score includes a dynamic marking of 'mf' and a tempo marking of 'Marselando'. The music is written on a single staff with a treble clef. The lyrics are placed below the notes, with some words grouped together. The score ends with a first and second ending.

Ақжайыққа Алтайдан
Неше сағат ұшар ек?
Шат көңілмен марқайған
Елді күндей құшар ек.

Қайырмасы:
Күзет берік шекарада,
Сақшылармыз адал жүрек.
Жаусатамыз сол арада,
Жау соқтықса ажал тілеп.

Көркей, Отан – жан ана!
Аспан ашық, даңқың өр.
Болат қамал шекара,
Көгілдір ту, шалқи бер!

Қайырмасы.

Даласында қазақтың
Туу бақыт кімге де.
Алдымызда – ғажап күн,
Достарымыз бірге де.

Қайырмасы.

ҚАЗАҚСТАН ЖАС САРБАЗДАРЫНЫҢ МАРШЫ



Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

Marciale

mf Жеке әнші.



Ер - лік дәс - түр ес - кір-мей-тін а - сыл - дай,



ер ба-ба - лар жар-қыл-да - ган жа - сын - дай.



Сап - қа тұр-дық сал-та-нат-ты ант бе - рін,



жас ө-рен-дер кі - лең сай-дың та - сын - дай.


Қайырмасы: Хор.



Бір, е - кі, бір, е - кі, бір, е - кі, үш, төрт!



Бір, е - кі, бір, е - кі, бір, е - кі, үш, төрт!



Бір, е - кі, үш, төрт! Бұ - ла күш-піз шы-мыр де - не




жас қай-рат, бал-зын-дар-ға қи-ын-дық-сын, бас қай-рақ.



Кү - зет бе - рік, сен - сін ха - лық, қың - бай - мыз,



бұрқ-сарқ бұр-қыл-да-са тас қай-нап. Тас қай-нап. Бір, е-кі,



бір, е-кі, бір, е-кі, үш, төрт, бір, е-кі, бір, е-кі, бір.

Ерлік дәстүр ескірмейтін асылдай,
Ер бабалар жарқылдаған жасындай.
Сапқа тұрдық салтанатты ант беріп,
Жас өрендер кілең сайдың тасындай.

Қайырмасы: Бір, екі,
Бір, екі,
Бір, екі, үш, төрт!

Бұла күшпіз шымыр дене жас қайрат,
Балғындарға қиындық – сын, бас қайрақ.
Күзет берік, сенсін халық, қыңбаймыз,
Бұрқ-сарқ бұрқылдаса тас қайнап.

Қайырмасы.

Бір ұяда туып-өскен түлектер,
Үндес лүпіл біздің адал жүректер.
Қазақстан – сүйікті Отан, туған ел,
Қауыштырған асыл арман, тілектер.

Қайырмасы.

МҰХТАР АҒА МҰРАТЫМЕН



Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

Ту-ған а - уыл тү-ті-нін са-ғын-ған - да, сар-ға-йып
са - ғы-ныш-тан а-уыр - ған - да, Мұх-тар а -
ға се-кіл-ді. Көк ба - зар - дан, сық-п(а)із-дей
міз "ши - па" деп дә - мі жан - ға. на - ды.

Туған ауыл түтінін сағынғанда,
Сарғайып сағыныштан ауырғанда,
Мұхтар аға секілді Көк базардан
Сықпа іздейміз «шипа» деп дәмі жанға.

Жаза алар ма әр қазақ дәуірнама,
Арылмай жалғасса да қалың нала.
Мұхтар аға секілді сын сағатта
Қолдаса екен бауырды бауыр жаңа.

Мұхтар дана жиі еске оралады,
Жылдардың желмен желпіп орамалы.
Бүкіл халық маздатқан махаббаттың
Қысы-жазы гүліне оранады.

ЖАМБЫЛ АҚЫН ТУҒАН ЖЕР

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

Moderato
mf

Ба-ба-лар-дың ба-ба - сы
Ой-ға шо-мып, көз жұм-саң,
Жам-был тау деп
көл - бең-дей-ді

а - та - ган.
ал - дың - да.
Ең - се - лі тау, қа - ра - шы,
Бұр-қы-ра - ган_ боз жу- сан,

1.
2.
біз-ге қал-ған а - та дан. //жаң - быр-да.
шо-мыл-ған гүл

Қайырмасы:

Жы-рын жай-ған ә - лем ге, а-тын жай-ған бар ел - ге.

1.
Жам-был а-қын ту-ған жер - Жам-был тау-ға сә - лем де.

2. Соңы
//сә - лем! -де. _____ //сә - лем! - де. _____

Бабалардың бабасы
Жамбыл тау деп атаған.
Еңселі тау, қарашы,
Бізге қалған атадан.
Ойға шомып, көз жұмсаң,
Көлбеңдейді алдыңда
Бұрқыраған боз жусан,
Шомылған гүл жаңбырда.

Қайырмасы:
Жырын жайған әлемге,
Атын жайған бар елге
Жамбыл ақын туған жер –
Жамбыл тауға сәлем де.

Туады да алыптар
Асқар биік заңғарда,
Шаттық сыйлап халыққа,
Шақырады арманға.
Жыры нөсер жаңбырдай
Сусындатқан халықты.
Перзентімен Жамбылдай
Жамбыл тау да даңқты.

Қайырмасы.

АДАМЗАТТЫҢ АБАЙЫ

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

Moderato

mp



Бар қа - зақ - тың да - на - сы - ме - нің ұ - лы А - ба - йым.



А - дам - зат - тың ба - ла - сы - бә - рі са - ған а - ға - йын.

mf Қайырмасы:



Ас - қақ - тай - ды жаң - ғы - рып а - лаш - тың бақ -



та - ла - йы. А - бай ен - ді мәң - гі - лік



а - дам - зат - тың А - ба - йы. //А - ба - йы.

Бар қазақтың данасы –
Менің ұлы Абайым.
Адамзаттың баласы –
Бәрі саған ағайын.

Парасатпен жарасып,
Жан-ділімен ұғысқан
Адамзаттың баласы –
Бәрі саған туысқан.

Қайырмасы.

Қайырмасы:
Асқақтайды жаңғырып,
Алаштың бақ-талайы.
Абай енді мәңгілік
Адамзаттың Абайы.

Уақытпенен жарысып,
Жарқыратып арайын,
Жаңа ұрпақпен қауышып,
Мәңгі жасар Абайым.
Қайырмасы.

НАУРЫЗДЫҢ НҰРЫ

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

Allegro

mf



Мү - бә - рәк мар - ха - бат - ты жыл ба - сын - да




жү - рек - тер құш - тар - ла - на жым - да - су - да.



Са - ры у - ыз, нау - рыз кө - же дәм - тұ - зы - мен



қа - лың жұрт қа - нат - та - сып жыр - ға - сын да!



Жа - ңа жыл, жа - ңа жыл - Нау - рыз - мей - рам - ме - ре - ке



жас ба - қыт жа - ңа бұл, Ты - ныш - тық пен бе - ре - ке!

Мүбәрәк мархабатты жыл басында
Жүректер құштарлана жымдасуда.
Сары уыз, наурыз көже дәм-тұзымен
Қалың жұрт қанаттасып жырғасын да!

Қ а й ы р м а с ы :
Жаңа жыл, жаңа жыл –
Наурыз мейрам-мереке:
Жас бақыт жаңа бұл,
Тыныштық пен береке!

Жасарып жаратылыс жаңарғанда,
Үздіккен жан баласы жаңа арманға.
Шайылған шаң-тозаңнан шалқар дала,
Көгеріп, көк жамылып қара орман да.

Қ а й ы р м а с ы .

Алма ағаш ақ көбікке көмілгенде,
Шабыттың желі еседі көңілдерде.
Алма бет жас бөпелер елестейді,
Бұтақтан алғаш түйін көрінгенде.

Қ а й ы р м а с ы .

Жаңаны, жақсылықтың бастауындай,
Жаннаттың жаңа есігін ашқаныңдай
Шаттықтың заңғар-зоры бар ма сірә,
Егемен біздің жаңа жас қауымдай!

Қ а й ы р м а с ы .

Ерлікке шақырады алғы дәуір,
Еңбектен өнетіннің дәні де ауыр.
Жақсыны жатсынбайтын бұл қазаққа
Адалдық, армандастың бәрі – бауыр!

Қ а й ы р м а с ы .

ХАН АБЫЛАЙ

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

Асықпай

mf



Жас-тай ба-тыр а - тан - ды, жау жас-қан-ған а-лыс-тан.



Хан А - бы-лай қа - Һар-лы, да-ра кө-сем да-ныш-пан.


Қайырмасы:



Жо-лы жа-ңа бас-тал-ған жас ба-ла-мыз ә - лі біз,



Кө - зі - міз - ді аш - қан - нан кө - сем хан - ды



та - ни - мыз.

//та - ни - мыз.

Жастай батыр атанды,
Жау жасқанған алыстан.
Хан Абылай қаһарлы,
Дара көсем данышпан.

Қайырмасы:
Жолы жаңа басталған
Жас баламыз әлі біз,
Көзімізді ашқаннан
Көсем ханды танимыз.

Кешіп түпсіз азапты,
Түршікпеген тірлікте.
Басын қосып қазақтың,
Ел сақтаған бірлікте.

Қайырмасы.

Қаймықпаған қатерден
Хан Абылай, Абылай!
Төбесіне ел көтерген
Жалауындай Абылай.
Қайырмасы.

БАЛАЛАР, АТАЛАР, АҒАЛАР



Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

Асықпай, ойлана
mf

А-сан-қай-ғы - а-быз ба-ба, а-қыл-гөй, на-қы-лын-да-
на-қыш-ты сөз, та-тым-ды_ ой. О-у, ой-хой-оу,
на-қы-лын-да - на-қыш-ты сөз, та-тым-ды_ ой.

Асанқайғы – абыз баба, ақылгөй,
Нақылында – нақышты сөз, татымды ой.

Сардар батыр, ақылды хан Абылай,
Қадірлей біл, қалма атаңды танымай.

Ел билеген, қол бастаған Кене хан,
Ерлігіне қараша таң, төре таң.

Ұлы Жамбыл ұстаз тұтқан Сүйінбай –
Жалғыз өзі дуылдаған жиындай.

Құйылғандай әсем ән мен өлеңнен
Біржан салды жаннан жақсы көрем мен.

Бар қазақтың мақтанышы Абайы –
Ақындардың пайғамбары, бабайы.

Ақын Жамбыл жырдың салқар көшіндей,
Өлең-жыры шалқып аққан Есілдей.

Құрманғазы, Тәттімбеттің күйлері –
Балдай тәтті, бүкіл елдің сүйгені.

Ел ағасы қамқоршымыз – Нұрсұлтан,
Шұғыласын тамылжытып күлсін таң.

Тоқтар аға – тұңғыш қазақ ғарышкер,
Сүйсінеді – жаудырады алғысты ел.

НАУРЫЗ – ЖАҢА ЖЫЛ КЕЛДІ

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

mf Ойнақы

Нау - рыз - Жа - ңа жыл кел - ді,
Се - ру - ен - деп да - ла - да

1. тау мен да - ла түр - лен - ді. //гүл - дер - ді.
тер - дік ә - сем

Наурыз – Жаңа жыл келді,
Тау мен дала түрленді.
Серуендеп далада,
Тердік әсем гүлдерді.

БОЛСАҢ МЕНДЕЙ ШАБАНДОЗ

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев



Allegro

f

Он - он - он - әй! он - он - он - әй! Әй!

1. А - там ме - нің - ат - бе - гі, жүй - рік - тер - дің -
бап - ке - рі. //бап - ке - рі. Жақ - с(ы)ат - сай - лап жай - лау - да,

1.
күн - де шы - ғам сай - ран - ға.

2. Соңы
//сай - ран - ға. Оу - - -

Атам менің – атбегі,
 Жүйріктердің бапкері.
 Жақсы ат сайлап жайлауда,
 Күнде шығам сайранға.

Шаңын қағып даланың,
 Жүйткі – зулап шабамын!
 Болсаң мендей шабандоз,
 Дүрілдетіп һәманда оз!

Барлық қазақ – атбегі,
 Жүйріктердің бапкері.
 Кел, кел, жарыс менімен,
 Жарыс дала желімен!

НАУРЫЗ

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

Allegro

mf



Жер-дің бе - ті - жап-жа-сыл, өз-ге бо - яу өш - кен - дей.



Өр-ден құ-лап ақ-қан бұ-лақ, ақ-қан бұ - лақ. Су-ға шө-лі



қан - га - сын, тас та қау-лап өс - кен - дей. Өс - ті кө - гал,

f Қайырмасы:



ес-ті са-мал, ес-ті са - мал. Нау-рыз, нау-рыз - жыл ба-сы,
Нау-рыз, нау-рыз - жыл ба-сы,



жа - сыл көк-тем құр - да - сы. Төл ме - ре - ке, -
ха - лық той-лап жыр - га - сын! Төл ме - ре - ке, -



1. кел, бе - ре-ке, кел, бе-ре - ке. //мол ме-ре - ке!
мол ме - ре-ке,

Жердің беті – жап-жасыл,
Өзге бояу өшкендей.
Өрден құлап
Аққан бұлақ, аққан бұлақ.
Суға шөлі қанғасын,
Тас та қаулап өскендей.
Өсті көгал,
Есті самал, есті самал.

Қайырмасы:
Наурыз, наурыз – жыл басы,
Жасыл көктем құрдасы.
Төл мереке,
Кел, береке, кел, береке.
Наурыз, наурыз – жыл басы,
Халық тойлап жырғасын!
Төл мереке,
Мол мереке, мол мереке!

Наурыз көже қауымды
Дастарқанға шақырған,
Шат көңілмен,
Ақ пейілмен, ақ пейілмен.
Жаңа достар табылды
Алыстан да, жақыннан.
Уақыт ортақ,
Бақыт ортақ, бақыт ортақ.

Қайырмасы.

БҰЛБҰЛ ҚҰРБЫМ



Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

Асықпай. Көңілді

The musical score is written in 4/4 time and consists of five staves. It includes various musical notations such as notes, rests, and dynamic markings. The lyrics are written below the notes, with hyphens indicating syllable placement. Chord symbols (C, G7, F) are placed above the notes. The score includes first and second endings, indicated by '1.' and '2.' above the staves.

mf C G7 C
Ай, бұл - бұл - құр - бым! Ой, си - қы - рың - ай! -

C G7 C
Се - нің ә - нің - нің - сыл - қы - м(ы) ай!

f F C G7 C G7 C G7
Та - ныс - қа - ным - нан - қа - уыш - қа - ным - ән, -

C G7 C
жан құш - та - рым - ән... Шір - кін - ай!

1. C
2. C
//Шір - кін - ай!

Ай, бұлбұл құрбым!
Ой, сиқырың-ай!
Сенің әніңнің сылқымы-ай!
Танысқанымнан
Қауышқаным – ән,
Жан құштарым – ән...
Шіркін-ай!

Ай, бұлбұл құрбым!
 Ой, сиқырың-ай!
 Сенің әніңнің сылқымы-ай!
 Мархабатың – ән,
 Салтанатың – ән,
 Махаббатың – ән,
 Шіркін-ай!

Ай, бұлбұл құрбым!
 Ой, сиқырың-ай!
 Сенің әніңнің сылқымы-ай!
 Айтсам ашып мен:
 Әнге ғашық – мен!
 Ән деп асық – мен,
 Шіркін-ай!

ӘЗІРБАЙЖАН ЛӘЙЛА ҚЫЗ



Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

mf Andante

Ту-ып-өс-кен Тал-ғар-да ә - зір-бай-жан қы-зы-на

бү-кіл біз-дің ау-дан-да құ-март-қан көп қы-зы-ға.

Қайырмасы:

О-ған ға-шық жі-гіт көп, кім сұқ-тан-бас ға-жап-қа.

Қыз қа-рай-ды ү-міт-пен бағ-бан жі-гіт қа-зақ-қа.

Туып-өскен Талғарда
Әзірбайжан қызына
Бүкіл біздің ауданда
Құмартқан көп қызыға.

Қайырмасы:
Оған ғашық жігіт көп,
Кім сұқтанбас ғажапқа.
Қыз қарайды үмітпен
Бағбан жігіт қазаққа.

Өз ғашығын сүйікті
Атамайды Ләйла қыз.
Бағы жанған жігітті
Түстей алмай қайранбыз.

Қайырмасы:
Бағбан жігіт қайда әлгі,
Қайда жүрсің ай қарап?
Іздеп тауып Ләйлаңды,
Құшпайсың ба аймалап?!

Туып-өскен Талғарда
Әзірбайжан қызына
Бүкіл біздің ауданда
Құмартқан көп қызыға.

Қайырмасы:
Қайда жүрсің, бауырым,
Сергек жүрек шамдағай?
Аңқауланып, аңырып,
Ләйладан құр қалмағай!

АСЫҒАМЫН СӘУЛЕМЕ

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

Allegro



Шыр ай - на - лып жер зыр-лай - ды та - ба-ным - ның
Би - ік - те - ген зең-гір көк - тің көк күм-бе - зі



ас-тын-да. Қос та - ба-ным ду-ыл-дай - ды і-лес-кен-дей
тө-бем - де. Ша-рық-тай-ды е-сіл-дер-тім, ө-зім тұ-рып



Қайырмасы:
тас-қын-ға. Жақ-сы құр - бым! Де - ме - гей - сің:
тө - мен - де. Жақ-сы құр - бым! Де - ме - гей - сің:



не боп қал - ды әу - дем - де?! Не - ге де - сең,
қа - лай тұс - тің әу - ре - ге?! Не - ге де - сең,



е - сіл - дер - тім а - лыс - та - ғы Сәу-лем - де.
а - лып ұ - шып, а - сы - ға - мын Сәу - ле - ме!

Шыр айналып жер зырлайды
Табанымның астында.
Қос табаным дуылдайды
Ілескендей тасқынға.
Биіктеген зеңгір көктің
Көк күмбезі төбемде.
Шарықтайды есіл-дертім,
Өзім тұрып төменде.

Қайырмасы:
Жақсы құрбым! Демегейсің:
Не боп қалды әудемде?!
Неге десең, есіл-дертім
Алыстағы Сәулемде.
Жақсы құрбым! Демегейсің:
Қалай түстің әуреге?!
Неге десең, алып ұшып,
Асығамын Сәулеме!

Көсіледі көз ұшында,
Көк жиегім ашыла.
Көгершіндей тез ұшырған
Жетсем деймін асыға.
Ауылына барсам екем
Зымыранша зырылдай...
Жан құштарым қалса екен
Мәңгілікке суынбай.


Қайырмасы.

БІЗДІҢ «ҰЛАН»



Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

Allegro




Ла - - ла - - лә - лә - ләй. Күн-де кү-тіп




а-лыс-тан, ап-та са-йын қа-уыш-қан. А-қыл-шы-мыз



сү йік-ті, кіш-кен-тай-дан та-быс-қан. "Ұ- лан", "Ұ- лан"



а-лыс-тар-ға ша-қыр-ған. "Ұ- лан", "Ұ- лан" құ-ша-ғы кең



жа-йыл-ған. "Ұ - лан", "Ұ - лан" а - та - мыз - дай



а-қыл-ман, "Ұ- лан", "Ұ- лан" ә-же-міз-дей ме-йір-бан.

Күнде күтіп алыстан,
Апта сайын қауышқан.
Ақылшымыз сүйікті
Кішкентайдан табысқан.

Қайырмасы:
 «Ұлан», «Ұлан» –
 Алыстарға шақырған.
 «Ұлан», «Ұлан» –
 Құшағы кең жайылған.
 «Ұлан», «Ұлан» –
 Атамыздай ақылман,
 «Ұлан», «Ұлан» –
 Әжеміздей мейірбан.

Мәпеледің талайды,
 Ырзалықпен қарайды ел.
 Ғасырларға, ұрпаққа
 Күн нұрындай тарай бер.
 Қайырмасы.

АРУ БАРДА ЖАНЫҢДА

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

Moderato
mp

"Әй - ел-дер - әл - сіз ха - лық, нә - зік ха - лық" дей-ді жұрт
 Әйт-пе - се жа-лын-дай-ды ақ жі-гіт-жү - рек әй - ел - дің

Қайырмасы:
 тә - ңі - рі - ге жа-зып қа - лып. А - ру бар-да
 ер - лі - гі - нен а - зық-та - нып. Дү - бір - лі де

жа - ның - да, а - рай - лы - рақ та - ңыз да,
 дүр - мек - ті га - сыр - лар-мен бір - г(е)өт - ті.



сұ - лу - лы - рақ сә - нің де, ас - қа - ғы - рақ ә - нің — де.
Қай - ран қа - зақ әй - е - лі ай, қа - ді - рі - ңе — кім - жет - ті?!

«Әйелдер – әлсіз халық, нәзік халық»,
Дейді жұрт тәңіріге жазып қалып.
Әйтпесе жалындайды-ақ жігіт-жүрек,
Әйелдің ерлігінен азықтанып.

Қайырмасы:
Ару барда жаныңда,
Арайлырақ таңың да,
Сұлулырақ сәнің де,
Асқағырақ әнің де.
Дүбірлі де дүрмекті
Ғасырлармен бірге өтті.
Қайран қазақ әйелі-ай,
Қадіріңе кім жетті?!

Жар-қосақ, ақылды әйел, сымбатты қыз,
Жүргенде қасымызда – шуақты жүз.
Біз қандай ажарлымыз, көріктіміз,
Біз қандай құдіретті, қуаттымыз.

Қайырмасы.

МАЙРАНЫҢ МОНОЛОГІ

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

Асықпай

mf О - о - оу! Қы-зы-мын У-ә-ли-дің, а-тым
Май-ра. І-ле сер, әт-тең, ма-ған, а-қын қай- да?!

Ай-ға ат-сам ақ жам-бы - сын а - сыл жыр-дың,
шыр-қа - ған дау - сым күн - ге жа-қын-дай ма?!

С Қайырмасы: Ойнақы
Кей-дем-ді бас-тыр-май-мын кер - дең - дер - ге,
көн-дім - ақ кер-дең-дер-ден кел-ген кер - ге.

өз ер - кім шың-ға сам-ған, қай - да қон - сам,
ә - нім-мен кө - ше бе-рем ел - ден ел - ге.

Соңы.
О - о - о - о - о - о - о - о -

1. Dm 2.
-о - оу. //о - о - оу.
mf *pp*

Қызымын Уәлидің, атым – Майра,
Ілесер, әттең, маған, ақын қайда?!
Айға атсам ақ жамбысын асыл жырдың,
Шырқаған даусым күнге жақындай ма?!

Қайырмасы:

Кеудемді бастырмаймын кердеңдерге,
Көндім-ақ кердеңдерден келген керге.
Өз еркім шыңға самғап, қайда қонсам,
Әніммен көше берем елден елге.

Алтынға, зер моншаққа қызықпаймын,
Халқымның сауық-салтын қызықтаймын.
Жұлдызым қарсы менің қылығына
Қисық сот, жемқор әкім, бұзық байдың.

Қайырмасы.

Самсаған маңымда жүр жас талапкер,
Үлгіңді, ұстаз болсаң, бастап-ақ бер.
Дарыннан жұтамайды дала біздің,
Әнімді шәкірттерім қостап кетер.

Қайырмасы.

ДӘРІГЕРІМ – ДӘРМЕНІМ



Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

mf Allegro

Жы - ми - я қа - рар, шұ - ғы - ла жа - нар

жы - лы - лық жан - ды бау - ра - ган. _

Кө - ңіл - ді же - бен, қу - ат - ты ме - дет,

бұ - йыр - ган дер - лік Ал - ла - дан. _

f Қайырмасы:

Дә - рі - гер до - сым бар ме - нің _

жа - на - шыр, қам - қор, ме - йір - ман. _

Дәрі - ге - рім ме - нің - дәр - ме - нім ме - нің -

а - та - ғы кең - нен жа - йыл - ган. _

//жа - йыл - ган. _

Жымия қарар,
Шұғыла жанар
Жылылық жанды баураған.
Көңілді жебеп,
Қуатты медет
Бұйырған дерлік Алладан.

Қайырмасы:
Дәрігер досым бар менің
Жанашыр, қамқор, мейірман.
Дәрігерім менің –
Дәрменім менің –
Атағы кеңнен жайылған.

Сөйлемей жалған,
Табады бардан,
Шипалы дауа дәріден.
Сенімім бекіп,
Арманға жетіп,
Айығып шығам әлі мен!

Қайырмасы.

Көңілдің қошы,
Халықтың досы
Дәрігер сыйлы дарынды.
Жас пенен кәрің,
Сыйлаңдар бәрің
Ақ желең киген бауырды.

КЕШ ЖАРЫҚ

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев



О - тыр-саң Құт-ха - наң - да, от ба-сың - да,



ет жа-қын ен-ші - лес-тер ор - та-сын - да.



Кеш бо-ла әң - гі - м(е)а-зыт, су - ыр бе - рі



не сыр бар кө - ні - лің-нің тарт - па-сын - да.



Жо-лау-шы жет-се кеш-қа - лып, саңқ е- тіп, де- се?" Кеш жа-



рық", до - сың боп шы-ғар бей - та - ныс,



қа - был ал кө - ні - лің қош - та - нып.



//қа - был ал кө - ні - лің қош - та - нып.

Отырсаң Құтхананда, от басыңда,
Ет жақын еншілестер ортасында.
Кеш бола әңгіме ағыт, суыр бері,
Не сыр бар көңіліңнің тартпасында.

Қайырмасы:

Жолаушы жетсе кеш қалып,
Саңқ етіп, десе: «Кеш жарық»,
Досың боп шығар бейтаныс,
Қабыл ал көңілің қоштанып.

Қазанға артық салса бір сыбаға,
Тұтқиыл қонақтан үй қымсына ма?
Жай жомарт пейіліңді дастарқандай,
Өмірде өзіңді-өзің мың сына да.

Қайырмасы.

Үлгерсін жолаушы алыс, жуықтағы,
«Кеш жарық» жиі айтылғай ымырттағы.
Қонақ кеп қызсын думан әр үйде де,
Өшпесін үлгі-өнеге ғұрыптағы.

Қайырмасы.

ҚҰДАЛАР ӘНІ

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбай

mf Асықпай

Құ - да - лар, төр - ле - тің - дер, қош кел - дің - дер,
сен - дер - ге - мың жыл - дай - ғы дос пей(і)л - дер!
Жа - ю - лы құ - ша - ғы - мыз кең да - ла - дай Ақ ор - да тү - гі - лі тау
f Қайырмасы:
төс - ке - йін - де. Кел, шыр - қа - йық, кел, шыр - қа - йық, құ - да - лар!
Ә - ні - міз - ді қа - лың қа - уым құп а - лар.
Ту - ған о - тан даң - ғыл жо - лың аш - қан - да,
нық се - не - міз жар - қын жан - ды жас - тар - ға.
Қа - ра көз - дер са - қа - ра - ны тар - сы - нып,
а - та даң - қын ас - пан - да - тар ас - қар - ға.

Құдалар, төрлетіңдер, қош келдіңдер,
Сендерге – мың жылдайғы дос пейілдер!
Жаюлы құшағымыз кең даладай
Ақ орда түгілі тау төскейінде.

Қайырмасы:

Кел, шырқайық, кел, шырқайық, құдалар!
Әнімізді қалың қауым құп алар.
Туған Отан даңғыл жолын ашқанда,
Нық сенеміз жарқын жанды жастарға.
Қара көздер сақараны тарсынып,
Ата даңқын аспандатар асқарға.

Жарасқан сәулетіміз, сәніміз де,
Қанаттас қатар шырқап әніміз де.
Тірлікте тату-тәтті жайсаңдармыз,
Талайлар қызығады әлі бізге.

Қайырмасы.


Аралас енді асыл қанымыз да,
Ноқаттай көлеңке жоқ жанымызда.
Отаулар орда болған қанат жайып,
Самғасын батыр ұл да, ару қыз да!

Қайырмасы.


СҮЙІКТІ БІЗДІҢ АСТАНА

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

mf Allegro




Қа-нат жа-йып Е-сіл - ден, кең да - ла-дай кө-сіл - ген




жа-сам-паз-дық ту - ын-дай жақ-сы - лық-тың нұ-рын- дай.


mf Қайырмасы:



Сал-та - нат-тың сә - нін - дей, сү-йік-ті біз-дің



Ас - та - на! Ма - хаб-бат-тың ә - нін - дей



Сү-йік-ті біз-дің Ас - та-на! //Ас - та-на!

Қанат жайып Есілден,
Кең даладай көсілген.
Жасампаздық туындай
Жақсылықтың нұрындай.

Қайырмасы:
Салтанаттың сәніндей,
Сүйікті біздің Астана!
Махаббаттың әніндей
Сүйікті біздің Астана!

Сұлулықтың көркіндей,
Хас батырдың сертіндей.
Жастық шақтың өзіндей,
Шаттық думан көзіндей.

Қайырмасы.

Жарқыраған самала,
Сәуле құяр санаға.
Атаға да балаға
Игілікті замана.

Қайырмасы.

ҚОШ, ТӘТЕЛЕР, АҒАЛАР



Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев



Біз бі-рін-ші сы нып-ты төрт пен бес-ке үл-гер-дік.



А-қыл-ды да сү-йік-ті ә-ліп-не-ден гүл тер-дік.

Қайырмасы:



Қош бо - лы - ңыз, қа - дір - лі
Ұс - таз - дар - рын да - рын - ды



тә - те - лер мен а - ға-лар! //ба - ға-лар.
шә - кірт-тер

Біз бірінші сыныпты
Төрт пен беске үлгердік.
Ақылды да сүйікті
Әліппеден гүл тердік.

Қайырмасы:
Қош болыңыз, қадірлі
Тәтелер мен ағалар!
Ұстаздарын дарынды
Шәкірттер бағалар.

Туғандай бір анадан
Тату-тәтті достармыз
Жол ашқандай жаңадан
Жақсылыққа бастармыз.

Қайырмасы.

ТАНКІШІЛЕР МАРШЫ

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

mf



Біз - ер жүрек танкішілер шыңдал -
ған, онай асар асау өзен, шыңдар -
дан. Қазақ жерін күзетеміз қыра -
ғы: қаймықпаймыз қияметтей сындардан.
Қайырмасы:
Танкішілер! Алға! Өзітисе жауға
зауалдата заула! Нысананды таңда:
жүріп т(е)отты төпе, тұрып т(а)оқты төпе,
жермен жексен тапта жау күшін
ал қолбасы алғысын!

Біз – ер жүрек танкішілер шыңдалған,
Оңай асар асау өзен, шыңдардан.
Қазақ жерін күзетеміз қырағы:
Қаймықпаймыз қияметтей сындардан.

Қайырмасы:
Танкішілер! Алға!
Өзі тисе жауға
Зауалдата заула!
Нысананды таңда:
Жүріп те отты төпе,
Тұрып та оқты төпе,
Жермен жексен тапта жау күшін
Ал қолбасы алғысын!

Қалт жібермей қылт өткенді заматта,
Әр экипаж көз тігеді алапқа.
Шыр көбелек айналады мұнара.
Төңіректі түгел шолып тарапта.

Қайырмасы.

Жүйрік танк – болат қамал тапардай,
Мотор-жүрек дүрілдейді қаһардай.
Зымырандай екпінінен соңында
Бұрқырайды қара құйын топандай.

Қайырмасы.

ӘНІҢЕ АЛТЫ ҚЫРДАН ӘН ҚОСАМЫН

Өлеңін жазған Мұзафар Әлімбаев

mf Асықпай

Ақ жар қын, Ай маң-дай-лы, ша - ды - ман жүз, —
— тәт-т(i)ал - ма ө - сі - ре - тін ба - ғы - бан
қыз! — Бақ - шаң - да таң сә - рі - ден ән шыр
қа - саң, — ер - тең де саз-ды ә - нің - ді
f Қайырмасы:
са-ғы-нар - мыз. — Сен - бі - сің жан қо-са- рым,
жан ко - са - рым? — Ә - ні - ңе ал-ты қар
дан ән қо - са - мын. — Тағ - дыр-дың
қол-да-уы - мен, кол - да - уы - мен — қай кү -
ні дей-мін се - ні жар - қо - са - ғым!?

Ақ жарқын, Ай маңдайлы, шадыман жүз,
Тәтті алма өсіретін бағыбан қыз!
Бақшаңда таң сәріден ән шырқасаң,
Ертең де сазды әніңді сағынармыз.

Қайырмасы:

Сенбісің жан қосарым, жан қосарым?
Әніңе алты қырдан ән қосамын.
Тағдырдың қолдауымен, қолдауымен
Қай күні деймін сені жар-қосағым!?

Қайырмасы.

Еліткен үздігемін дауысыңа,
Естілсе, елеңдеймін жан ұшыра.
Жеңгетай жер-жаһанда бар ма сірә
Әніңдей ынтықтырған қауышуға.

Қайырмасы.

Басынан қос қырқаның тартып көше,
Әніміз жарасады шалқып, есе.
Қосылса салған әндей қуаттанып,
Құлшынар қыз бен жігіт «Халқым!» десе.

Қайырмасы.

ИСТАМБУЛ



Өлеңін жазған Рэвиль Гөзәиров

Татаршадан аударған Мұзафар Әлімбай



Ми-на-рет-тер ал-тын ай-лы көз-дің жа-уын ал-ған-дай



Күн ас-тын-да жар-қы-рай-ды, ша-қы-ра-ды ар-ман-дай.

Қайырмасы:



Ис-там-бул, Ис-там-бул - га-сыр-лар-ға жә-ді - гер!



Ис-там-бул, Ис-там-бул кел, а - ра - ла, сә-нін көр!

Минареттер алтын айлы,
Көздің жауын алғандай.
Күн астында жарқырайды,
Шақырады армандай.

Қайырмасы:
Истамбул, Истамбул –
Ғасырларға жәдігер!
Истамбул, Истамбул,
Кел, арала, сәнін көр!

Біздің ата-бабалар да
Тамашалай сан келген.
Мұндай әсем қала бар ма,
Заманына сән берген?!

Қайырмасы.

Тәу еткелі ағылатын,
Меккесіндей түріктің,
Ай көрмесе сағынатын,
Сәулетті кент сүйікті!

Қайырмасы.

ЖЕҢІС КҮНІ



Өлеңін жазған Рәвиль Гөзәиров

Татаршадан аударған Мұзафар Әлімбаев

mf Marciale

Же - ңім-паз - дар ұм - ты - лыс - ты

Бер - лин - де - гі а - лаң - га.

Тас - қын күш - тен зәре - сі ұш - ты,

дұш - пан сас - ты та - бан — да.

Қайырмасы:

Ка - тю-ша - лар мың - мың - да - ган

от - тан жол - дар сал - ган - да.

Же - ңіс кү - ні ду - ыл - да - ган

1.

ұ - мы-тыл - мас жал - ган - да.

2.

//ұ - мы-тыл - мас жал - ган - да.

Жеңімпаздар ұмтылысты
Берлиндегі алаңға.
Тасқын күштен зәресі ұшты,
Дұшпан састы табанда.

Қайырмасы:
Катюшалар мың-мыңдаған
Оттан жолдар салған да.
Жеңіс күні дуылдаған
Ұмытылмас жалғанда.

Батырлардың жүрегінде –
Даңқ оты жалынды.
Шет елдерде жүргенінде,
Туған жерін сағынды.

Қайырмасы:
Майдандастар, қаруластар,
Аты өшпейтін батырлар!
Қайдасыңдар, қайран достар!
Хат жазып, үн қатыңдар.

ШАРЫҚ ҚЫЗЫНА



Өлеңін жазған Рәвиль Гөзәиров

Татаршадан аударған Мұзафар Әлімбаев

Moderato
mf

Қи - ял - да - ғы бір сұ - лу - ой-ым-да - ғы пе рiш-те
Шар-ша-ған-ды біл - мей-тiн

Қайырмасы:

//жұ - мыс-та_ да, әр іс-те. Гүл ше-шек-ке кө-міл-ген____
Әй! Гу-ля - я! Кө-ңіл-ден____

қыз - дар жүр - ген су жо - лы.____ //бұл жо-лы.
кет - пей қой - дың

Қиялдағы бір сұлу –
Ойымдағы періште
Шаршағанды білмейтін
Жұмыста да, әр істе.

Қайырмасы:
Гүл шешекке көмілген
Қыздар жүрген су жолы.
Әй! Гулия! Көңілден
Кетпей қойдың бұл жолы.

Ақ жүзіңнің жарығы
Күн нұрының өзіндей.
Пәк махаббат жалыны
Інжу-маржан көзіндей.

Қайырмасы.

Сырға толы жанарың,
Ұмыта алман көркіңді.
Күйіп-жанып барамын,
Билеп алдың еркімді.

Қайырмасы.

Жарқыраған шырағым,
Шырағым сен, Гулия!
Кол жетпейтін қиялым,
Шынарым сен, Гулия!

Қайырмасы:
Әй! Гулия! Гулия! –
Жүрегімнің дүрсілі.
Әй! Гулия! Гулия! –
Өмірімнің бір сыры!



ЖАСТЫҚ ШАҚ



Өлеңін жазған Тұманбай Молдағалиев

mf Patetico. Marcia

Ал-да жас-тық шақ бар-да дос құ-шақ, серт-тен тай-май

ды, — от-тай жай-най - ды. Жұл-дыз қо-лын - да, —

ер-лік жо-лын - да — шыр-қап ке-ле - ді — ол. —

Қайырмасы:

Ер-лік жыр-ла - ры ең-се кө-тер - ді. Ер-кін тың-да - ғы

ең-бек ө-тел - ді. А-лыс жыл-дар - ға, би-ік шың-дар - ға,

біз - дің жас - тық шақ, — жет ен -

ді. — //жет ен - ді. —

Алда жастық шақ
Бар да дос құшақ,
Серттен таймайды,
Оттай жайнайды.
Жұлдыз қолында,
Ерлік жолында
Шырқап келеді ол.

Қайырмасы:
Ерлік жырлары
Еңсе көтерді.
Еркін тыңдағы
Еңбек өтелді.
Алыс жылдарға,
Биік шыңдарға,
Біздің жастық шақ, жет енді.

Бақыт – жастық шақ,
Мәңгі көңіл шат.
Ерлік шақырды,
Еңбек шақырды.
Құрыш ерлерін,
Жұмыскерлерін
Күтіп жатыр жол.

Қайырмасы.

АСЫЛ АНА



Өлеңін жазған Тұманбай Молдағалиев

Moderato

mf




Қам - қор - шым_ да_ сен - сің, а - на, сен - сің,
Ұ - ла - ның - ды_ қа - сы - ң(а)а-лып, бас - тай



а - на, а - қыл-шым да. //ба - тыл шың - га.
бер__ сен_

Қайырмасы:



Жү - ре - ті - нім - се - нің жо - лың, жал - тақ



-та - май, а - ял-да - май. А - сыл а - нам,



ө - мір_ бо - йы_ ұ - ша - мын__ мен



са - ган қа - рай.

са - ган қа - рай.

Қамқоршым да сенсің, ана,
Сенсің, ана, ақылшым да.
Ұланыңды қасыңа алып,
Бастай бер сен батыл шыңға.

Қайырмасы:
Жүретінім – сенің жолың
Жалтақтамай, аялдамай.
Асыл анам, өмір бойы
Ұшамын мен саған қарай.

Сен барыңда мен де бармын,
Күнде саған сәлемдесем.
Өзің туған кең даланың
Келбетіне қарап өсем.

Қайырмасы.

Үмітіңді сенің ғана
Ақтау үшін өмір сүрем.
Аяулы ана, асыл ана,
Саған сенем, сені сүйем.

Қайырмасы.


НАУРЫЗ ТОЙ



Өлеңін жазған Тұманбай Молдағалиев

Ойнақы

mf



Көз - де - шат - тық, іш - те - же - лік, ша - қы - ра - тын




бір ү - міт. Нау - рыз кө - же і - шу - ш(i)е - дік



Қайырмасы:

үй - ден - үй - ге қы - ды - рып. Қа - нат қақ - ты



кө - ңіл - д(i)о - сы ба - ла - лар - дың ер - к(e)о - йы.



Со - нау ба - ла күн - нің до - сы нау - рыз то - йы - ел то - йы.

Көзде-шаттық, іште-желік,
Шақыратын бір үміт.
Наурыз көже ішуші едік,
Үйден-үйге қыдырып.

Қайырмасы:
Қанат қақты көңілді осы
Балалардың ерке ойы.
Сонау бала күннің досы,
Наурыз тойы – ел тойы.

Көңіліміз көкте жүзді,
Ел әдебін білуші ек.
Өңкей бала тобымызбен
Үйден-үйге кіруші ек.

Қайырмасы.

Гүл мереке үйге толсын,
Сүт – береке, айран – құт.
«Наурызыңыз құтты болсын»
Деген сөзге байландық.

Қайырмасы.

Сәлем беріп аталарға,
Құттықтаушы ек әжені.
Кеселерге апалар да
Толтыратын көжені.



Қайырмасы.

СОЛДАТ СЫРЫ

Өлеңін жазған Тұманбай Молдағалиев

mf Marselendo

Май - дан а - ла - ңын, кай - ран да - ла - ны
Қа - лай ұ - мы - там, а - нам - ұ - л(ы)О - тан.



Майдан алаңын,
Қайран даланы
Қалай ұмытам,
Анам – ұлы Отан.
Жағам жыртылды,
Алға ұмтылдым.
Күтті нұрлы таң,
Күтті нұрлы таң.

Алға жүгірдім.
Оқты алға аттым.
Қорғап бүгінді
Қалған солдатпын.
Алыс жылдарға,
Биік шыңдарға
Жеңіс туымен
Самғап жол тарттым.

Бейбіт аспанды,
Ерлік дастанды
Шырқа, жас ұлан
Жұлдыз қасынан.
Алғы күндерге
Албырт көңілмен
Ылғи асығам,
Ылғи асығам.



МҰРАГЕРЛЕР МАРШЫ

Өлеңін жазған Сұлтан Қалиұлы

mf **Marselo**

Өт-кен та-лай сүз-г(i)е-лек-тен - дәу - ір-лер-ден
ға - сыр-лар-ға, ба - ба-лар-дан біз - ге жет-кен
Қайырмасы:
мұ-ра-лар-дан а-сыл бар- ма? Ба-ба-лар, да-на-лар
қы-ран ер-лер, қы - ра-ғ(ы)ер-лер. Сол ер-лер-дің,
өнер-лі ел-дің ұр - на - ғы-мыз мұ - ра - гер-лер.

Өткен талай сүзгі, електен –
Дәуірлерден ғасырларға,
Бабалардан бізге жеткен
Мұралардан асыл бар ма?!

Қайырмасы:
Бабалар,
Даналар
Қыран ерлер,
Қырағы ерлер.
Сол ерлердің,
Өнерлі елдің
Ұрпағымыз мұрагерлер.

Ұлан-байтақ жеріміз бар,
Озық дәстүр-салтымыз бар.
Ынтымақты еліміз бар,
Жаны дархан халқымыз бар.

Қайырмасы.

Салт-дәстүрін бабалардың
Сақтап биік самғаймыз біз.
Ата, әке, ағалардың
Нұрлы жолын жалғаймыз біз.

Қайырмасы.

АСЫЛ АҒА

Өлеңін жазған Сұлтан Қалиұлы



Ба - ла - лық шақжыл - дам жы рақ қа - ла м(а)а - ны - рау?!




